

ӘОЖ 94(574)

XIX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КІШІ ЖҮЗДІ БАСҚАРУ РЕФОРМАЛАРЫ: ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ

Ерменбекова Дина Мейрамбековна

duzimova97@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Тарих факультетінің 2-курс
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.к., доцент Ерменбаева Г.К.

Қазақстанның өткен тарихи кезеңдерінде Ресей империясы саясатының нәтижесінде кең байтақ даламызда орын алған өзгерістер мен шешімдер аз болмады. Соның ішінде XIX ғасырда империялық саясатын қазақ даласында мықтап енгізіп, біркелкі саяси, әлеуметтік-экономикалық жағынан өзгерістер енгізу мақсатында реформалар қабылданды.

Ежелден қазақ даласындағы саяси билікте ерекше орын алған Шыңғыс ұрпақтарының беделі қарастырылып отырған кезеңде біршама әлсірей бастаған болатын. Осы сәтті пайдаланған патша үкіметі Орта және Кіші жүз аумақтарында хан билігін жоюды мақсат етті. Нәтижесінде Кіші және Орта жүз қазақтары үшін көптеген ережелер бойынша, соның ішінде жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін ұйымдастыру мәселелері бойынша бір-бірінен түбегейлі ерекшеленетін «Орынбор қырғыздары туралы жарғы» және «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» жобалары әзірленді.

XIX ғасырда Кіші жүз аумағын басқару Азия комитетіне берілді. Осы комитеттің кезекті жиналысында құпия кеңесші М.М.Сперанский Кіші жүз аумағында Ресей империясының жаулап алушылық саясатына қарсы толқулардың көп болуы бұл аймақта басқару жүйесінің әлсіз екенін айта келіп, жаңадан жан-жақты ойластырылған реформа қабылдаудың маңыздылығын атап өтті: «Орынбор ведомствосының далалық аймақтарында қарсылықтардың жиі болу себептерін Орынбор желісінің басқару жүйесінен және оның әлсіздігінен іздеу керек. Ордадағы үздіксіз қарсылықтар, шептегі тонаулар мен ондағы керуендердің қауіп-қатерге ұшырауы бұл жүйенің елдің жағдайына және халықтың құқықтарына сәйкес келмейтіндігін және көп жылдар бойы одан күткен нәтиженің ақталмағанын дәлелдейді. Сондықтан осы уақытқа дейін жиналған тарихи мәліметтерге және тәжірибеге сүйене отырып жүйені қайта қарауға жүгіну керек». Орынбор өлкесінің қазақтарын басқару үшін құрылған Азия даласының көшпелі халқын басқарудың жаңа жүйесі 1824 жылдың басында заңнамалық бекітуге ие болды [1, 206-209].

Орынбор өлкесінде аймақтық билік позициясында О. А. Игельстромның бағытымен сабақтастық айқын болды. Орынбор қырғыздары туралы Жарғының идеологы генерал-губернатор Т.К. Эссен жергілікті халыққа өзін-өзі басқаруды ұсынуды жақтаушы болды. Оның негізгі қағидалары 1824 жылы 31 қаңтарда император І Александр қол қойған «Орынбор өлкесін басқаруды қайта құруға қатысты Азия істері комитетінің бекітілген пікірінде» баяндалды [2, 207-208]

Реформаны дайындау кезеңінде орталық және өңірлік биліктің басты пікірталас мәселесі Кіші жүздің Бас саяси институты — хан билігінің тағдыры туралы мәселе болып қала берді. Нәтижесінде Кіші жүздің ханы Шерғазы Айшуақұлын Орынборға шақырып, сол арқылы оны даладағы биліктен айырды. Ендігі жерде Шекара әкімшілігінің қазақтармен барлық өзара қарым-қатынасы енді үш әкімшілік-аумақтық бірлікке тағайындалатын аға сұлтандар (Әбілқайыр хан үйінен) арқылы тікелей жүзеге асырылуы тиіс болды. Осылайша, О.А. Игельстромға қарағанда, Эссен дәстүрлі қазақ элитасы –сұлтандарға арқа сүйеді. Лауазымдарды таңдау заңды түрде бекітілгенімен, іс жүзінде бұл жерде лауазымға тағайындау жүйесі қалыптасты [3, 27]

Сұлтандар-билеушілер үшін нұсқаулық дайындалды. Бөлім билеушісінің міндеттері анықталды:

1. Шын бағынған адамның міндетін сақтау.
2. Бағынышты қазақтарды империяға қатаң бағыныштылықта ұстау.
3. Барлық қазақтарға әділ және мұқият болу, халық әдет-ғұрпы негізінде соғысушы тараптарды татуластыру, ренжігендерді қорғау.
4. Кез-келген ұрпақтың өзгелерден гөрі артық көруден аулақ болу.
5. Қазақтардың барымта өндіруіне жол бермеу.
6. Оларды шаруашылықпен айналысуға және сауда жасауға шақыру.
7. Өтіп бара жатқан керуендерді тонаудың немесе шеп бойында ұрлаудың жолын кесу
8. Орынбор бастығының барлық заңды талаптары мен ұйғарымдарын дереу және толық құлшыныспен орындау .

Міндеттерді орындауға, атап айтқанда, далада тыныштықты сақтауға көмектесу үшін әр Сұлтан билеушіге белгілі бір офицерлер мен урядниктер бар казактар тобы тағайындалды [4, 149].

Үш бөлікке бөлінген Кіші жүз қазақтарын басқару мақсатында Орынборға Қаратай Нұралиев, Темір Ералиев және Жүсіп Құдаймендиев шақырылды. Біріншісі Әбілхайыр үйінің өкілдері болса, үшіншісі Қайыптың ұрпағы еді. Орынбор әскери губернаторы Эссен сұлтан-билеушілердің тез тағайындалуын кең байтақ далада қазақтардың шашыраңқы түрде кншіп-қонуымен және осыған байланысты сайлауды жылдам өткізудің мүмкін еместігімен түсіндірді.

Жергілікті басқару реформасының маңызды ерекшелігі билеуші сұлтандардың күші шектелмегендігі болды, дегенмен бастапқыда алқалылық қағидатын енгізу жоспарланған болатын. Сонымен қатар, реформа басқарудың ауылдық және рулық буындарын құқықтық реттеумен қамти алмады. Бұл факт Кіші жүзде жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу жөніндегі 1824 жылғы реформаның аяқталмағаны және соның салдары ретінде оның тиімділігінің төмендігі туралы айтуға негіз береді.

Бұл жағдай Орталық және аймақтық билікті жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру жолдарын іздеуге мәжбүр етті. Нәтижесінде, XIX ғасырдың 30-шы жылдары СІМ Азия департаментінде белсенді талқыланған басты мәселелер-жергілікті өзін-өзі басқарудың көп деңгейлі құрылымын құру және далада сайлау бастамаларын енгізу. Ресей әкімшілігінің инновациялық көзқарастары 1844 жылы қабылданған Орынбор қырғыздарын басқару туралы жаңа ережеде көрініс тапты [2, 137].

Кіші жүз аумағында басқарудың үш сатылы моделі енгізілді. Оның жоғарғы сатысында Сыртқы істер министрлігінің Азия департаментіне бағынатын Орынбор шекаралық комиссиясы тұрды. Шекара комиссиясына губерниялық басқарма және палаталардың құқықтары мен міндеттері кірді: қазыналық, мемлекеттік мүлік, азаматтық және қылмыстық сот.

Жергілікті өзін-өзі басқару жүйесі әкімшілік-аумақтық құрылымның екі сатысымен ұсынылды. Бірінші деңгейде көшпелі қазақтардың үш бөлікке – Батыс, Орталық, Шығыс бөліктерге билеуші сұлтандар бастаған бөліну қағидаты сақталды. Олар полиция және атқарушы билік қызметтерін атқарды. Бұл ретте үш бөлімнің әрқайсысы дистанциялық

бастықтар мен ауыл билеушілері бастаған дистанцияларға бөлініп, осы жүйенің екінші деңгейін құрады.

Әкімшілік-аумақтық бірліктерді ұйымдастырудың дистанциялық формасы XIX ғасырдың 20 - шы жылдарынан бастап даламен шекаралас орналасқан Орынбор казак әскерлерінің казактарынан алынды. Дистанцияларды енгізу, реформаторлардың пікірінше, Кіші жүзді ресейлік әкімшілендіру саласымен (яғни, ықпал ету саласымен) қамтуға және 1844 жылғы Ережемен енгізілген мемлекеттік қазынаға салық алымдарының түсуін қамтамасыз етуге тиіс еді.

1844 жылы 5 жыл мерзімге Орынбор қырғыздарын басқару және қырғыз балаларына арналған мектеп туралы ережелер қолданысқа енгізілді. Қазақтар қоныстанған жерлер империяның ерекше аймағы деп танылып, Сыртқы істер министрлігінің қарамағына берілді. Сондықтан орталық орган, Орынбор қазақтарының басқарушысы Сыртқы істер министрлігінің азиялық департаменті болып қалды; көшпенділер ісіне тікелей басшылық жасау Орынбор әскери губернаторының қолында шоғырланды. Орынбор көшпелілерінің сот құрылымына келетін болсақ, 1844 жылы ол үш түрлі соттармен ұсынылды: әскери сот, Орынбор шекара комиссиясының соты және көшпелілердің халықтық соты [4, 115].

Кіші жүз қазақтарын басқару жалпы және жеке болып бөлінді. Облыстық (жалпы) Басқарма құрамына төраға, оның жолдасы, орыстардан төрт кеңесші, қазақтардан төрт заседатель және кеңседен тұратын Орынбор шекаралық комиссиясына тиесілі болды. Ал жеке басқаруға жергілікті билікті жатқызды.

1844 ж. Орынбор қырғыздарын басқару туралы ереже Даланың байырғы халқын басқарудың айтарлықтай оқшаулану дәрежесін көрсетті, бұл барлық жергілікті басқаруды қазақтардың қолына беруде, сот ісін жүргізудің жергілікті дәстүрін өңірдің сот жүйесіне енгізуде көрініс тапты. Шамасы, бұл дала мен оның халқының империяға кірігуін жеңілдету, еуропалық мемлекеттік жүйеге көшуді жеңілдету ниетімен туындады.

Жаңа жарғылардың өмірге енгізілуі Кіші жүз қазақтарының өміріндегі сол кездегі маңызды оқиға болды. Реформалардың негізгі мазмұны хан билігінің жойылуы және жаңа әкімшілік-аумақтық бөліністің құрылуы болды. Істерді басқару ендігі жерде Ресей әкімшілігі тағайындаған сұлтандар арқылы жүзеге асырылды, олардың міндеттері нұсқаулармен анықталды. Басқарудың жаңа тәртібін құру Ресейдің осы маңызды аймақтағы ықпалын нығайтты. Жарғыларды жүзеге асыру көшпелі қоғамды терең жаңғыртуды, оның шаруашылығын біртіндеп қайта құруды көздеді. Реформалар қарапайым көшпенділер мен ақсүйектердің, қазақ қоғамының барлық топтарының мүдделерін қозғады. Басқарудың жаңа жүйесін құру саяси, экономикалық әдістермен ғана емес, сонымен бірге әскери күштермен де шешілуі керек жаңа проблемаларды тудырды. Қазақ элитасының кейбір өкілдері жүргізіліп жатқан реформаларды көшпенді қоғамның құрылымы туралы өз түсініктеріне сәйкес келмейді және олардың пікірінше, саяси дәстүрлерді бұзады деген оймен наразылықпен қабылдады.

Әлеуметтік мобильділік артты, қоғам мүшелерінің құқықтық мәртебесі және қазақ даласында жаңа саяси, сот, экономикалық, рухани жүйелер өзгеріске ұшырады. Осылайша, реформалар дәстүрлі қазақ қоғамының терең трансформациясына алып келді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Материалы по истории политического строя Казахстана (со времени присоединения Казахстана к России до Великой Октябрьской социалистической революции) / Сост. М.Г. Масевич. Алма-Ата: Изд-во Акад. Наук КазССР, 1960. 441 с.
2. Быков А. Ю. Истоки модернизации Казахстана. –Барнаул, 2003.
3. Избасарова Г.Б. Подробнее о ситуации сложившейся в начале XIX в. в Оренбургском крае. Служба В.Ф. Тимковского в Оренбургском крае // Вестник Оренбургского гос. пед. ун-та. Электронный научный журнал. 2016. № 1 (17). С.145–155. URL: http://vestospu.ru/archive/2016/articles/16_17_2016.pdf;

4. Казахские чиновники на службе Российской империи. Сб. документов и материалов / Отв. ред. Г.С. Султангалиева. – Алматы, 2014. С. 218.